

**Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізу туралы
№ 4 хабарландыру**

Қостанай қ.

31.01.2024ж.

ҚОӘДСБ «Қостанай облыстық ЖИТС алдын алу және онымен күресу жөніндегі орталығы» КМК БСН 171040015102
(занды мекенжайы: Қостанай қ., Амангелді көш., 134, ЖСК KZ1396513F0007528009, "ForteBank" АҚ, БСК ІРТҮҚЗКА, e-mail
kst_oc_aids@mail.ru) келесі тауарлардың баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарлайды:

№	Атауы	Өлш. бірл.	Саны	Бөлінген баға	Сома, тенге
1	Адамның қан сарысуындағы немесе плазмасындағы HBs антигенін анықтауға арналған иммуноферменттік талдау үшін 96 анықтауларға арналған реагенттер жинағы. В гепатиті вирусының беткейлік антигенін (HBsAg) анықтауға арналған тест жүйесі. Тест форматы - 96 анықтаудан кем емес, планшет стриптер мен ойықшаларға дейін жиналмалы. Талданатын үлгінің саны-150 мкл аспайды. Тесттің сезімталдығы – HbsAg минималды анықталатын концентрациясы - 0.1 ХБ/мл. Реакция уақыты инкубацияның жалпы уақытының 2 сағатынан аспайды. К+2 тұрақтылығы - регидратталған реагент К+2 ерігеннен кейін +18-ден +24°С дейінгі температурада кемінде 6 сағат тұрақты болады. Конъюгаттың жұмыс ерітіндісінің тұрақтылығы - конъюгаттың жұмыс ерітіндісі +18-ден +24°С-қа дейінгі температурада жарықтан қорғалған жерде кемінде 12 сағат тұрақты. Реагенттерді түстік кодтау. Талдау жүргізу кезеңдерінің спектрофотометриялық верификациясының болуы. Тест-жүйенің жарамдылық мерзімі кемінде 24 ай. ҚР тіркеу куәлігінің болуы. Қолдану бойынша бекітілген нұсқаулықтың болуы.	жинақ	40	34 000,00	1 360 000,00
2	Адамның қан сарысуындағы немесе қан плазмасындағы анти-ВГС антиденелері мен С гепатиті вирусының антигенін бір мезгілде анықтауға үшін иммуноферменттік талдау әдісімен 96 анықтауларға арналған реагенттер жиынтығы. Тест форматы-96 анықтаудан кем емес, планшет стриптер мен ойықшаларға дейін жиналмалы. Талданатын үлгінің мөлшері 100 мкл-ден аз. Диагностикалық сезімталдық 99,5% - дан жоғары. Ерекшелігі-99,5%-дан жоғары. Қайта жаңғыртылуы - вариация коэффициенті 15% - дан аспайды. Дайындалған жұмыс ерітіндісін сақтау мерзімі-18-ден 24°С-қа дейінгі температурада кемінде 14 тәулік немесе 2-ден 8°С-қа дейінгі температурада кемінде 28 тәулік. Конъюгаттың жұмыс ерітіндісінің тұрақтылығы - 18-ден 24°С-қа дейінгі температурада жарықтан қорғалған жерде кемінде 12 сағат. Дайындалған субстрат қоспасының ерітіндісін сақтау мерзімі - 18-ден 24°С-қа дейінгі температурада жарықтан қорғалған жерде кемінде 10 сағат. Сақтау және пайдалану шарттары: Сақтау-2-ден 8°С-қа дейінгі температурада құрғақ, жарықтан қорғалған жерде. Тасымалдау-2-ден 8°С-қа дейінгі температурада, 25°С дейін 10 тәулік және 30°С дейін 5 тәулік температурада тасымалдауға және сақтауға рұқсат етіледі. Планшетті (иммуносорбентті) алдын ала жуусыз талдау жасау. Реагенттерді түстік кодтау. Талдау жүргізу кезеңдерінің спектрофотометриялық верификациясының болуы. Ашық типті анализаторларда колмен қою және автоматты түрде қою мүмкіндігі. ҚР тіркеу куәлігінің болуы. Қолдану бойынша бекітілген нұсқаулықтың болуы.	жинақ	40	34 000,00	1 360 000,00

Д3 және МБ жеткізуді жүзеге асыру шарттары (ИНКОТЕРМС 2020 сәйкес): DDP мекенжайы: Қостанай қ. Амангелді көшесі, 134.

Жеткізу мерзімі мен шарттары: 110000, Қостанай қ., Амангелді көш., 134 «Қостанай облыстық ЖИТС алдын алу және онымен күресу жөніндегі орталығы» КМК. **Тауарды жеткізудің талап етілетін мерзімі:** - шарт күшіне енген сәттен бастап **Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 5 жұмыс күні ішінде, 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін.**

Құжаттарды ұсыну (қабылдау) орны және баға ұсыныстарын берудің соңғы мерзімі: 110000 Қостанай қ., Амангелді көшесі, 134, 310 кабинет күн сайын (демалыс және мереке күндерінен басқа) сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін, 2024 жылғы "07" ақпан қоса алғанда сағат 10.00-ге дейін

Баға ұсыныстары бар конверттерді ашу күні, уақыты және орны: "Қостанай облыстық ЖИТС алдын алу және онымен күресу жөніндегі орталығы" КМК, №301 кабинет, 110000 Қостанай қ., Амангелді көшесі, 134, 2024 жылғы 07 ақпан сағат 11.00.

Әлеуетті өнім беруші баға ұсыныстарын ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін мөрленген түрде бір ғана баға ұсынысын ұсынады. Конвертте осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баға ұсынысы, Тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы белгілеген мерзімдерде лицензиялау немесе рұқсат беру рәсімі арқылы рұқсат беру органдары жүзеге асыратын қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға жеке немесе заңды тұлғаның құқықтарын растайтын рұқсат, сондай-ақ ұсынылатын дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығымен бекітілген "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту қағидаларының" II-тармағында көзделген шарттарға сәйкестігін растайтын құжаттар, сондай-ақ фармацевтикалық қызметтердің сипаттамасы мен көлемі бар.

Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын ұсынуы осы Қағидалардың 5 және (немесе) 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды жеткізуді жүзеге асыруға немесе сұрау салу талаптарын және сатып алудың үлгілік шартын немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шартты сақтай отырып, фармацевтикалық қызметтер көрсетуге келісімін білдіру нысаны болып табылады.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы келесі телефон арқылы алуға болады: 8-7142-37-05-90.

Бас дәрігердің м.а.

А.Г. Чижков



Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі маман: Койшыманов Т.Т.

Заң кеңесшісі: Жарасбаев Р.Ж.

Орынд. Доцанов К.Ж.

Тел.: 8-7142-3706-04, 8-777-412-43-47